

# Еркіндігіміз. Қасиеттіміз. Қастерліміз!..

№50 (20 863)  
12 желтоқсан,  
2024 жыл, бейсенбі



# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

📍 Atyrau.gazeti  
✉ atyrau\_gazeti@mail.ru  
📺 Атырау газеті  
🌐 www.atr.kz

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні



*\*Ел тарихы*

## САРАЙШЫҚ

ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Биыл III Ұлттық құрылтай 14 наурыз күні Атырау қаласында өтіп, оған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан еді. Алқалы жиын алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Мұның зор символдық мәні бар. Біз аста-төк той жасауға емес, салмақты зерттеу жүргізуге баса мән беруіміз керек...

(Толығырақ 9-бетте)

*\*Спорт*

## АРМАН БОЛДЫ-АУ, ОЛИМПИАДА АЛТЫНЫ

Мұнайлы өңір спортшыларының арасынан Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің көрінбей жүргені еліміздің бас партия өкілдерінің шымбайына бататын секілді. Бұл мәселені «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы азаматтық қоғам және мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» аймақтық кеңесі отырысында кеңес төрағасы Сырымбек Сәрсембаев көтерді.

(Толығырақ 14-15-беттерде)



### Құрметті Атырау облысының қонақтары мен тұрғындары!

«Теңішевройл» ЖШС ұжымының атынан сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Биыл қазақстандықтар үшін аса маңызды Тәуелсіздік күні мерекесі Теңіз кен орны ашылуының 45 жылдық мерейтойына тұспа-тұс келіп отыр. Мұнай-газ саласының ардагерлерін осы айтулы күннің құрметіне жүрекжарды тілегімізді білдіріп, құттықтағымыз келіп тұр.

Әлемнің алып кен орындарының бірінің ашылуы Қазақстанды әлемдегі ең ірі мұнай өндіруші елдердің біріне айналдырып, дүниежүзілік нарықтағы негізгі ойыншы ретінде қалыптасуына ықпал етті. Біз Теңіз кенішінің көзін алғашқы болып ашқан жандарға технологиялық тұрғыдан дүние жүзіндегі ең күрделі мұнай-газ кен орындарының бірін ашқаны және оны игеруге қосқан баға жетпес үлесі үшін алғыс айтамыз. Олар Қазақстанның болашақ ұрпағы үшін молшылықтың берік іргетасын қалады.

Сан жылдық серіктестіктің арқасында біз қауіпсіз де сенімді өндірісті қамтамасыз ету жолында жұмыла қызмет етіп қана қоймай, сонымен бірге мұнай кен орындарын игеру технологияларын қолданып, адами капиталға инвестиция салып отырмыз, кәсіпорнымыз орналасқан өңірдің халқына қолдау көрсетіп, тәуелсіз Қазақстанның экономикалық өркендеуіне ықпалдасып отырмыз. Мәселен, 1993 жылдан бері республикаға тікелей қаржылық төлемдердің ұзын саны 198 млрд. АҚШ долларынан асты, ал жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге 50 млрд. АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды.

Осы жетістіктердің барлығы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен егемен ел азаматтарының қолдаусыз мүмкін болмас еді. Сіздерді «Теңішевройл» ЖШС атынан Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз! Басыңызға бақыт, отбасыңызға құт-береке тілей отырып, деніңіз сау, жақындарыңыз аман болсын дейміз!

«Теңішевройл» ЖШС Бас директоры  
Кевин Лайон  
«Теңішевройл» ЖШС  
Бас директорының орынбасары Коңілқош Сүйесінов



### Құрметті атыраулықтар және қала, қонақтары!

Қазақ елінің басты мейрамы – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын! Бұл мереке – еліміздің еркіндігі мен болашағына деген сенімімізді нығайтып, әрбір азаматтың атқарып жатқан еңбегінің құндылығын көрсететін күн. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан қазақстандықтар бұл байрақты күнді ерекше қастерлей отырып, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту жолында еңбек етуді қасиетті парыз санайды.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы қазақстандық отбасыларының шаттыққа толы өмір сүруі жолында еңбек етіп келеді. Бұл орайда әрбір ембілік мұнайшы Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қызметтеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Компания әлеуметтік жауапкершілікті жоғары қоя отырып, мұнайлы өңірдің инфрақұрылымын дамытуға үлес қосуда. Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорын ретінде әлеуметтік саланың дамуына қаржылай қолдау көрсетіп келеді.

Қадірменді жерлестер! Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс пен мол жетістіктер тілейміз! Бірлігіміз бен күші-жігеріміздің арқасында жаңа биіктерге жетейік! Көк байрағымыз әрқашан көкте желбіресін!

Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы

